

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (3)
шілде-қыркүйек
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2024
© Авторлар ұжымы, 2024

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Гелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Коллектив авторов, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумексов Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2024
© Group of authors, 2024

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyazhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 11. Is. 3, pp. 642–657, 2024
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_39_3_642-657

QAIDU AND THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE TALAS QURILTAI

Kushenova Ganizhama¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University
(2, Satpaev Str., 010008 Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Science, associate professor
 <https://orcid.org/0000-0001-9438-8381>. E-mail: jamal-i@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024
© Kushenova G., 2024

Abstract. *Introduction.* Following the death of Ogedei Khan, a power struggle emerged among the descendants of Genghis Khan. These events not only determined the fate of the empire but also had a profound impact on the economic development and cultural interactions within the region. *Goals and Objectives.* Historical facts and the type of state governance highlighted the complexity of maintaining the integrity of the vast empire. The houses of Jochi, Ogedei, Chagatai, and Tolui were divided into political and military alliances. Although the Ogedei Ulus suffered greatly in this struggle, it was restored through the efforts of Qaidu. Qaidu formed alliances with various Mongol and Turkic tribes, consolidating his authority in Central Asia and limiting the power of the “Great Khan” in that region. Temporary political stability was established among the uluses. Accordingly, the aim of this research is to examine the political life of Qaidu up to the 1270s and the role of the Talas Quriltai in the history of the uluses. To achieve this aim, the research addresses a set of tasks aimed at uncovering the causes of Qaidu’s political struggle and the contents of the Talas Quriltai. The research is based on medieval sources, as well as domestic and foreign scientific monographs and research articles. *Results.* In 1269, the Talas Quriltai convened by Qaidu played a decisive role in the political life of the houses of Jochi, Ogedei and Chagatai. The decisions made at the Quriltai stimulated economic growth and cultural exchange among the uluses and influenced the formation of political boundaries. *Conclusion.* The historical significance of the Talas Quriltai is reflected in the determination of the independence of the uluses and the establishment of autonomous state power.

Keywords: Qaidu, Talas Quriltai, struggle for power, Mogolstan, Chagatai ulus, Persian sources

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project “Ethnopolitical history of the Uluses of Chagatai, Kaidu and Moghulistan according to Arabic, Mongolian, Persian, Chinese and Turkic sources” (IPH № BR18574101).

For citation: Kushenova G. Qaidu and The History of Talas Quriltai // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 3. Pp. 642–657. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_642-657

ХАЙДУ ЖӘНЕ ТАЛАС ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Кушенова Ганижамал Иманкызы¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(2-үй, Сәтпаев көш., 010008 Астана, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-9438-8381>. E-mail: jamal-i@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Кушенова Г.И., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* Үгедей қаған қайтыс болғаннан кейін Шыңғыс ханның ұрпақтарының арасында бәсекелестік күрестері басталды. Бұл оқиғалар империяның тағдырын анықтап қана қоймай, сонымен бірге аймақтағы экономикалық даму мен мәдени өзара әрекеттесуге қатты әсер етті. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Тарихи фактілер мен мемлекетті басқарудың түрі ауқымды империяның тұтастығын сақтаудың қиындығын көрсетті. Жошы, Үгедей, Шағатай және Төле үйлері саяси, әскери одақтарға бөлінді. Осы күресте Үгедей ұлысы қатты зардап шеккенімен, Хайдудың арқасында қайта қалпына келтірілді. Хайду түрлі монғол және түркі тайпаларымен одақтар құрып, Орталық Азия территориясында беделін нығайтты, ондағы «Ұлы Қағанның» билігін шектеді. Ұлыстар арасында уақытша саяси тұрақтылық орнады. Соған орай зерттеудің мақсаты 1270 жылдарға дейінгі Хайдудың саяси өмірі мен Талас құрылтайының ұлыстар тарихындағы рөлін зерделеу болып табылады. Зерттеудің мақсатына жету үшін Хайдудың саяси күресінің себептері мен Талас құрылтайының мазмұнын ашу міндеттер кешені қарастырылады. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу жұмысы ортағасырлық дереккөздерге, отандық және шетелдік ғылыми монографиялар мен ғылыми зерттеу мақалаларына негізделеді. *Нәтижелер.* 1269 жылы Хайдудың ұйымдастыруымен шақырылған Талас құрылтайы Жошы, Үгедей, Шағатай үйлерінің саяси өмірінде шешуші рөл атқарды. Құрылтайда қабылданған шешімдер ұлыстардағы экономикалық өсу мен мәдени алмасуды ынталандырды, саяси шекаралардың қалыптасуына әсер етті. *Заклучение.* Талас құрылтайының тарихи маңызы ұлыстардың тәуелсіздігін айқындап, жеке дербес мемлекеттік билік жүргізудің бастауы болуында көрінді.

Түйін сөздер: Хайду, Талас құрылтайы, билік күресі, Моғолстан, Шағатай ұлысы, парсы дереккөздері

Алғыс. Мақала гранттық қаржыландыру «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі деректері бойынша Шағатай, Қайду және Моғолстан ұлыстарының этносаяси тарихы» (ИРН № BR18574101) жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Кушенова Г.И. Хайду және Талас құрылтайының тарихы // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 3. 642–657 бб. (Қазақ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_642-657

ХАЙДУ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТАЛАССКОГО КУРУЛТАЯ

Кушенова Ганижамал Иманкызы¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
(д. 2, ул. Сатпаева, 010008 Астана, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-9438-8381>. E-mail: jamal-i@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Кушенова Г.И., 2024

Аннотация. *Введение.* После смерти Угедея кагана началась борьба соперничества между потомками Чингисхана. Эти события не только определили судьбу империи, но и оказали сильное влияние на экономическое развитие и культурное взаимодействие в регионе. *Цель и задачи исследования.* Исторические факты и тип управления государством указали на сложность сохранения целостности обширной империи. Дома Джучи, Угедей, Чагатай и Толе были разделены на политические, военные союзы. Хотя Угедейский улус сильно пострадал в этой борьбе, он был восстановлен благодаря Хайду. Хайду заключил союзы с различными монгольскими и тюркскими племенами и укрепил свой авторитет на территории Центральной Азии, ограничив там власть «Великого Кагана». Между улусами установилась временная политическая стабильность. В этой связи целью исследования является изучение политической жизни Хайду до 1270-х годов и роли Таласского курултая в истории улусов. Для достижения цели исследования рассматривается комплекс задач по раскрытию причин политической борьбы Хайду и содержания Таласского курултая. Исследовательская работа основывается на средневековых источниках, отечественных и зарубежных научных монографиях и научно-исследовательских статьях. *Результаты.* В 1269 году Таласский Курултай, созданный Хайду, сыграл решающую роль в политической жизни домов Джучи, Угедея, Чагатай. Решения, принятые на курултае, стимулировали экономический рост и культурный обмен в улусах, повлияли на формирование политических границ. *Заключение.* Историческое значение Таласского Курултая отразилось в определении независимости улусов и становлении частной самостоятельной государственной власти.

Ключевые слова: Хайду, Талас Курултай, борьба за власть, Моголстан, Чагатайский улус, персидские источники

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования «Этнополитическая история Улусов Чагатай, Хайду и Могулистана по данным арабских, монгольских, персидских, китайских и тюркских источников» (ИРН № BR18574101).

Для цитирования: Кушенова Г.И. История Хайду и Таласского Курултая // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 3. С. 642–657. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_642-657

Кіріспе

Еуразия кеңістігінде орналасқан Қазақстанның тарихы өңірдің саяси, экономикалық, мәдени ландшафтының қалыптасуына әсер еткен оқиғаларға бай. Осындай тарихи сәттердің бірі ретінде 1269 жылы Хайдудың басшылығында шақырылған Талас құрылтайын атап өтуге болады.

Тақырыпты зерттеудің өзектілігін жалпы және отан тарихының шеңберінде ашуға болады. Біріншіден, Талас құрылтайын зерделеу Орталық Азия мемлекеттерінің қалыптасу процестерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, империяны бөлудің бұл процесі Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның саяси картасына ұзақ мерзімді әсер етті. Сондықтан оқиғаны талқылау дүниежүзі тарихы контекстінде саяси және әлеуметтік тарихты зерттеуге көмектесіп, қазіргі отан тарихындағы зерттеулер үшін құнды ақпараттар ұсынады. Үшіншіден, Қазақстанның ортағасырлық саяси құрылымдары, билік жүйесі, аймақтық қатынастары туралы құнды деректер алуға болады, сондай-ақ қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттілігінің қалыптасуын зерттеуге септігін тигізеді.

Талас құрылтайы қазақ халқының тарихи жадының бір бөлігі болғандықтан, оны зерттеудің маңызы – ұлттық бірегейлікті нығайтуға және тарихи сана-сезімді дамытуға көмектеседі.

Ал Угедей Қағанның немересі және монғол империясындағы билікке үміткерлердің бірі – Хайду өз әулетінің ықпалын қалпына келтіруге барынша күш салып, сол кездегі саяси динамикада маңызды рөл атқарған болатын.

Тақырыптың мазмұнын әрі қарай ашу үшін Талас құрылтайының шақырылуына әкеп соқтырған алдыңғы тарихқа қысқаша тоқталып өтелік. 1941 жылы Угедей қаған қайтыс

болғаннан кейін монғол империясында алғаш рет тақ мұрагерлігі мәселесі туды. Шыңғыс ханның өсиеті бойынша Үгедей қағаннан кейін таққа оның екінші ұлы Годан (Кутан) отыруы керек деп айтылатын. Алайда, ол ауру болғандықтан, қаған тақты үшінші ұлы Кучуға (Куджа) қалдырғысы келеді. Кучу Үгедейден бұрын қайтыс болып кеткен соң таңдауды оның ұлы Ширамунға қалдырады, бірақ ол тым жас болатын (Бартольд, 1963: 554). Рашид-ад-динде билік мәселесі бойынша Құбылайдың былай айтқаны кездеседі: «Тағы бірде Үгетай қаған: «Патша Ширамун болады», – деп айтқан еді. Енді қалай сендер өздерің шын жүреппен патшалық билікті Күйік ханға бердіңдер?» – деді» (Рашид-ад-дин, 2023: 58). Ал осында аты аталған Үгедейдің үлкен ұлы Күйікті монғол ақсүйектерінің басым бөлігі қолдамайтын. Соның ішінде, Жошының ұлы Бату хан да бар болатын.

Бату хан мен Күйіктің арасындағы келіспеушілік монғолдардың батысқа жорығында басталған еді. Шыңғыс ұрпақтарының арасындағы келіспеушіліктің күшейгені соншалықты, тек Ұлы қағанның Батуды қолдауымен тоқталған болатын. Ал, Үгедей қағанның қайтыс болуы аталмыш екі тұлғаның арасындағы наразылықты ашық дұшпандыққа айналдырды.

Анасы Туракина (Дорегене) хатунның араласуымен 1246 жылы Күйік таққа отырады. Ұлы қағанның таққа отырғанын бекіту үшін шақырылған құрылтайға Бату хан келмейді. Бұған Төле әулеті мен кейбір монғол ақсүйектерінің көңілі толмай, енді Күйікке ғана емес, жалпы Үгедей үйіне наразылықтарын білдіреді. Ұлы қаған тағына отырғаннан кейін Күйік Батуға қарсы жорық жоспарлағанымен, ол мақсатына жете алмай қайтыс болып кетеді. Монғол ханзадаларының арасында тақ таласы қайта өршиді.

Жалпы айта кететін жайт, Монғол империясында әйелдер (хатун) өмірдің саяси, әлеуметтік және экономикалық аспектілеріне әсер етіп, маңызды рөл атқарды. Сол кездегі көптеген басқа мәдениеттерден айырмашылығы, монғол әйелдері салыстырмалы түрде жоғары еркіндік пен ықпалға ие болды. Соның ішінде Соркактани Беки мен Туракина хатунды атап өтуге болады. Мәселен, Құбылай мен Хулагудың анасы Соркактани Беки Монғол империясындағы ең ықпалды әйелдердің бірі болып, күйеуі Төле қайтыс болғаннан кейін ұлдарының билікке сәтті көтерілуін қамтамасыз еткен болса, Туракина хатун да 1241 жылы Үгедей қаған қайтыс болған соң 1246 жылға дейін Күйік таққа отырғанға дейін регент болды, ұлының таққа отыруын қамтамасыз етті. Сондай-ақ кейбір әйелдер шайқастарға белсенді қатысқаны және ерлер сияқты дағдыларын көрсеткені белгілі. Мұнда Хайдудың қызын атап өтуге болады.

Монғол дәстүріне сәйкес аға буыннан қалған Бату ханның беделі қашанда мықты болатын. Күйік ханның қайтыс болуы Батуды шешуші әрекетке итермелейді. Соған орай ол өз территориясында құрылтай шақырады. Алайда, Үгедей және Шағатай үйінің көптеген өкілдері құрылтайдың Онон Керулен аймағында өтуін алға тартып, құрылтайға қатысудан бас тартады (Birán, 1997: 13).

Құрылтай 1250 жылы жазда өтеді. Бату ханның қолдауымен Төленің ұлы Мөңке Ұлы хан тағына лайықты деп жарияланады. Бұл әрине, Үгедей үйіне күтпеген кездейсоқ хабар болатын.

1251 жылы Мөңке таққа отыра сала, өзіне қастандық ойлағандарға «тазарту» жұмыстарын жүргізеді. Ол қарсыластары Үгедей мен Шағатай ұлыстарына әскерін жібереді, ондағы мақсаты шекарасын Жошы ұлысына дейін кеңейту болатын. Шағатай ұлысының билеушісі Есу Мөңке өлтіріліп, ұлыс билігіне Әргене (Ұрғана) хатун тағайындалады.

Империяның орталығынан ұзақта орналасқанына қарамастан, Мөңке ханның тұсында Бату ханның беделі одан әрі арта түседі. Сөйтіп, Жошы ұлысының шекарасы Шу, Талас өңірлеріне дейін жетеді. В.Бартольдтың зерттеулеріне қарағанда, 1255 жылы Бату хан қайтыс болып, орнына ұлы Сартақ, одан соң Улакчи, Улакчидан соң Берке хан тағайындалады (Бартольд, 1963: 568). Аталмыш хандардың соңғысының тұсында Жошы ұлысының билігі Мауереннахр жерлеріне дейін созылады.

1259 жылы Мөңке хан қайтыс болғаннан кейін тақ таласы Шыңғыстың төрт ұлының ұрпақтары арасында ғана емес, енді Төленің үйінде өрши түседі. 1260 жылы екі хан сайланады: бірі Құбылай – Қытайда, екіншісі Арық Бұға – Монғолияда. Бұндай ахуалды кейінірек Жошы ұлысында да кездестіруге болады.

«Ханның билігі сирек жағдайларда ғана толықтыққа жетті. Қатардағы жағдайда хан басқа саяси күштермен мемлекет ішінде немесе «алтын тұқымның» ең қуатты өкілімен жоғарғы билікті бөлісуге мәжбүр болатын» (Султанов, 2006: 34), – дейді Т.И. Султанов. Сондай-ақ кейбір деректерге қарағанда Мөңке хан қайтыс болғаннан кейін, Берке ханның атына Иран, Хорасан, Мауераннахр жерлерінде құтба оқытылады. Ол дәуірлерде құтба оқыту билікті мойындауды білдіретін (Бартольд, 1963: 573).

Бұрын Қытай орталықты нанмен қамтамасыз етіп отырған болса, енді Құбылайдың билік басына келуінен соң тоқтатылады. Арық Бұға осы кезде Шағатай ханның немересі Алғуды Түркістанға жібереді. Алайда, Алғу Қашқарға келген соң шағатайлықтарды қасына топтастырып, Берке ханның қызметтегі адамдарын (өкілдерін) Мауереннахрдан қуа бастайды. Тіпті бұрын Шағатай ұлысына кірмеген жерлерді де өз билігіне қаратып, Арық Бұғаға ашық қарсы шығады. Оған Арық Бұға өзінің қолбасшысы Мөңкенің ұлы Асутайды жібереді, ол Алғуды жеңеді. Осы кезеңде екінші тараптан Арық Бұға хан мен Құбылай хан қақтығысы басталады, Арық Бұға артқа шегінеді. Сөйтіп, әулеттер арасында бақталастық қайта өршиді. 1261 жылы Құбылай хан інісі Хулагуға жаулап алған жерлеріне иелік етуге рұқсат береді, ол «Ильхан» атағын алады.

Сөйтіп, түрлі себептерге байланысты Берке хан, Хулагу хан, Алғу және өзін тұтас монғол империясының ханы санайтын Құбылайдың арасында қарым-қатынастар одан әрі шиеленісе бастайды. Осы күреске Үгедей үйінен Хайду да қосылады.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеудің негізгі материалдары ретінде бірқатар дереккөздер пайдаланылды. Нақтырақ айтқанда, Монғол империясының, соның ішінде Хайду хан мен Талас оқиғасына қатысты қазіргі қолжетімді дереккөздердің дені ортағасырлық шығыс авторларының жазбаларынан, саяхатнамалардан құралады.

Парсы тарихшысы Рашид-ад-дин Фазлуллах ибн Абу-ль-Хайр Али Хамаданидың «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегі басты дереккөздердің бірі болып табылады. Шығарманы Шыңғыс хан әулетінің шежіресі ретінде бағалауға да болады. Мұнда Хайдудың өміріне қатысты көптеген оқиғалар қамтылады, Талас құрылтайы баяндалады. Рашид-ад-дин еңбегінің тарихи тағы бір құндылығы – Монғол империясының тарихы және оның басқа халықтармен қарым-қатынасы туралы толық және егжей-тегжейлі жазылған дереккөздердің бірі болғанында жатыр.

Ортағасырлық авторлардың бірі – Джамал Каршидың «Мулхакат би-с сурах» атты туындысы Хайдудың ұлы Чапардың билігі тұсында жазылған. Жалпы жазба араб тілінде және кейбір бөліктер парсы тілінде қаламға алынған. Автор шығармасында «біздің елдің ханы Кайду ибн Кистай ибн каан ал кабир Уктай ибн Чингиз хан 1271 жылы қыркүйекте Таразда хан тағына отырды» (аль-Карши, 2005: 124), – деп жазады. Алайда, мұнда зерттеу тақырыбындағы Хайду ма, әлде өзге Кайду ма мұнда оны зерделеу көзделмейді.

Вассаф аль-Хазрат лақабымен танымал Хулагу мемлекетінің қызметкері, парсы тарихшысы Шихаб-ад-дин Абдаллах ибн Фазлаллах Ширазидың «Вассаф тарихы» монғол дәуірінің маңызды дереккөздерінің бірі болып табылады. 1269 жылы шақырылған құрылтайдың өткізілген мекені бойынша Рашид-ад-дин екеуінің арасында айырмашылықтар кездеседі. Қазіргі тарихшылар Вассафтың жұмысын зерттеп, талдауды жалғастыруда, оны тарихи оқиғаларды қайта құру және сол кездегі мәдени және әлеуметтік процестерді түсіну үшін қолданады.

Марко Поло – XIII ғасырдағы венециялық саудагер, зерттеуші, саяхатшы, Орталық Азия арқылы Қытайға сапар шегіп, Шығыс пен Батыстың арасына көпір салған алғашқы еуропалық. Оның жазбалары еуропалықтарға XIII ғасырдағы Азияның өмірі мен мәдениеті туралы ақпарат берді.

Марко Полоның саяхатнамасы зерттеушілерге әлі күнге дейін түпдерек ретінде маңызды болып қала береді. Ол Азиядағы саяхаттарымен, әсіресе Монғол империясының билеушісі Құбылай хан және Қытай туралы егжей-тегжейлі жазбаларымен танымал болды.

Зерттеу жұмысында мәтіннің ағылшын тіліне аударылып Денисон Росс, Эйлин Поуэрдің редакциясында жарияланған «The travels of Marco Polo» атты үшінші басылымы пайдаланылды.

Жұмыстың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік принциптері құрады. Соған сәйкес жалпы қабылданған ғылыми зерттеу әдістері мен ұстанымдары: тарихи талдау, тарихи саыстырмалы талдау, жүйелілік құрылымдық талдау, синтездеу, ретроспективті, мәселелі – хронологиялық, биографиялық талдау т.б. әдістер қолданылды.

1) Зерттеу жұмыстарында тарихи талдау, тарихи салыстырмалы талдау әдісі – белгілі бір тарихи оқиғаларды зерделеуде, оларға қатысты ғалымдардың түрлі сын пікірлерін салыстыруда қолданылды; 2) Зерттеу тақырыбының мазмұнын ашу үшін жүйелік – құрылымдық талдау қолданылады. Ол тақырыпты жалпы шолудан бастап, содан кейінгі деңгейлерге, әр деңгейдегі элементтерді зерделей отырып түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге, яғни тұтас бейнені құрастыруға мүмкіндік береді; 3) Болжамдар мен қорытындыны негіздеу үшін әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтердің үлкен көлемін, зерттелген тақырыптарды біріктіруде синтездеу әдісі қолданылады; 4) Ретроспективті әдіс - оқиғалардың себептерін анықтау мақсатында өткенге дәйекті түрде енуге, кезенді түсіну үшін пайдаланылады; 5) Мәселелі-хронологиялық әдіс - уақыт бойынша тарихи оқиғалардың реттілігін зерттеуде қолданылады; 6) Биографиялық талдау бұл тұлғаның өмірін, оның шығу тегін, маңызды оқиғаларын, жеке қасиеттерін, жетістіктері мен қоршаған өмірге әсерін егжей-тегжейлі зерттеуге және түсіндіруге көмектесетін әдіс болып табылады. Осы талдау арқылы өмірлік жағдайлар, жеке қасиеттер мен сыртқы факторлардың тұлғаның жеке басы мен іс-әрекеттеріне әсерін түсінуге көмектеседі. Бұл әдіс арқылы Хайдудың тұлғасы, өмірі, қызметі, саяси күресі зерделенді.

Талқылау

Жалпы Монғол империясына, Шыңғыс ханның билік кезеңіне арналған көптеген жұмыстар бар. Ал мақаланың зерттелу деңгейіне нақтырақ тоқталатын болсақ, тақырыпқа тікелей қатысты бірқатар іргелі зерттеу еңбектерін атап өтуге болады. Соның бірі ретінде танымал шығыстанушы В.В. Бартольдтың «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты еңбегі. Ол қазірге дейін құндылығын жоғалтпаған, Түркістан өңіріндегі монғол шапқыншылығы кезеңіне арналған маңызды зерттеулердің бірі болып отыр. В.В. Бартольд еңбегінде ортағасырлық шығыс дереккөздерін кең қолданып, археологиялық деректерге де назар аударған. Кітап монғол шапқыншылығының салдары туралы толық түсінік алуға мүмкіндік беретін саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени талдауды біріктіреді.

Сонымен қатар Израиль ғалымы Михал Биранның «Qaidu and The Rise of the Independent Mongol State in Central Asia» атты еңбегін атап өтуге болады. Бұл монография В.В. Бартольдтың еңбегіне қарағанда шеңбері тар, яғни Хайдудың (1236–1301) өмірі мен қызметіне ғана арналады. Автор Хайду туралы мағлұматтар қамтитын Төле үйінің деректеріне ұқыптылықпен қарауды ұсынады. Мұны Үгедей және Төле үйлерінің арасындағы шиеленістердің салдарынан туындаған күмәннің бірі деп қабылдауға болады. Автор Хайдудың билікке келуіне және Орталық Азияда тәуелсіз монғол мемлекетін құрудағы рөліне назар аударады. Еңбек XIII ғасырдағы монғол саясатының күрделілігін түсіну үшін маңызды ғылыми жұмыс болып табылады. М. Биран монографиясының деректік базасы өте бай. Ол ортағасырлық араб, парсы, қытай дереккөздері мен еуропалық саяхатшылардың еңбектеріне негізделеді. Еңбек арқылы қазіргі батыс және қытай ғалымдарының маңызды зерттеулерін қамтыған кең тарихнаманы көруге болады.

Сондай-ақ ағылшын ғалымы Томас Т. Аллсеннің «Mongol Imperialism The Policies of the Grand Qan Möngke in China, Russia, and Islamic Lands (1251–1259)» атты еңбегінен Мөңке ханмен Хайдудың арасындағы наразылықты көруге болады. 1256 жылы Хайду Орталық Азияда Төле үйіне қарсы одақ құра бастайды. Ал кейінірек Құбылай ханды құлату үшін айтарлықтай күш жинағаны баяндалады.

Автор еңбегінде негізінен монғол империясының саяси аспектілеріне, өз билігін кеңейту және сақтау үшін қолданған стратегияларына назар аударады. Империя саясаты мен билігінің ажырамас бөлігі болған әлеуметтік және мәдени аспектілерді де тыс қалдырмайды. Оның жаулап алынған аумақтардың әлеуметтік құрылымдарына әсерін, экономикалық салдарын қарастырып, ондағы әлеуметтік, мәдени нормалардың өзгеруіне зер салады. Т. Аллсен тақырыпты зерттеуде пәнаралық тәсілді қолдана отырып, өзіндік тың түсініктемелер береді. Ол кешенді талдау үшін әртүрлі тарихи дереккөздерді, археологиялық деректерді және заманауи зерттеулерді пайдаланады. Еңбек монғол империясының тарихы мен империализмді зерттеуге айтарлықтай үлес қосады.

Монғол империясының тарихы бойынша маманданған тарихшы Тимоти Мэйдін «Mongol Empire» атты монографиясы Шыңғыс хан империясының қалыптасуы мен дамуы, оның мұрагерлері – Жошы, Үгедей, Шағатай, Төленің ұлыстарын және олардың тарихын кешенді қарастыруымен құндылық танытады. Еңбекте жалпы монғол империясының өрлеуі мен қалыптасуы зерттеледі. Илхан мемлекеті, Шағатай ұлысы, Жошы Ұлысы және Юань мемлекетінің империялық шеңберде ғана емес, аймақтық деңгейде өмір сүруі зерделенеді. Автор Монғол империясының әскери, саяси, экономикалық және мәдени аспектілерін терең, әрі жан-жақты талдауға тырысады. Оның еңбегі монғолдардың үлкен ықпалды империяны құруы мен оның әлемдік өркениеттердің одан әрі дамуына тигізген әсерін түсінуге көмектеседі.

Қырғыз ғалымы О.К. Караевтың шығыс жазба деректеріне негізделіп дайындалған «Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа» атты еңбегін Орталық Азия территориясының шеңберіндегі Хайду мемлекетіне арнап жазылған іргелі монографиялардың бірі деп айтуға болады. Мұнда Шағатай ұлысының, Хайду және Моғолстан мемлекеттерінің құрылуынан бастап олардың ыдырауына дейінгі саяси тарихы қарастырылады. Еңбектің маңызы мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырау процестерін, сондай-ақ олардың кейінгі саяси құрылымдарға, ортағасырлық мемлекеттік құрылымдар арасындағы тарихи сабақтастық пен байланыстарды түсінуге ықпал етеді.

Түркітанушы ғалым Т.И. Султановтың «Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть» атты еңбегі Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының өміріне терең және жан-жақты талдау жасайды. Автор монғол әулетінің саяси, әлеуметтік және мәдени өмірін талдау үшін әртүрлі дереккөздер мен әдістерді қолданады. Еңбектің маңызы – Монғол империясының әлемдік тарихқа тигізген әсері мен оның мұрасын қалыптастырған негізгі оқиғаларды түсінуге мүмкіндік береді.

П.Н. Петровтың «Нумизматическая история Чагатайского государства 668/1270-770/ 1369 гг.» атты ғылыми диссертациясы айтарлықтай маңызды еңбектердің бірі. Автор мұнда тарихи дереккөздердің жетіспеушілігі байқалған әсіресе, Шағатай ұлысының тарихын нумизматикалық ескерткіштері арқылы зерделеп, өзіндік жаңашылдық қосып отыр. Жалпы ұлыстар бойынша да бұл салаға назар аударғандар саны тым аз. Ал нумизматикалық ескерткіштердің басқа дереккөздерден алынбайтын бірегей деректерді ұсынып, сол тарихи кезеңнің саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік аспектілері туралы толық және дәлірек түсінік қалыптастыруға көмектесетіні мәлім. П.Н. Петров тамға, оның мазмұны, Масудбектің, Кебек, Тармашырынның реформаларына тоқталады.

А.А. Порсиннің «Политическая деятельность Ногай в Золотой Орде (1262-1301 годы)» атты ғылыми диссертациясы зерделеніп отырған тақырыптың хронологиялық шеңбері үшін өзіндік құндылығы бар. Ғылыми зерттеу жұмысы аймақтың саяси тарихын қайта құруға, Алтын Орданың ішкі саяси динамикасын терең түсінуге мүмкіндік береді. Диссертация қазіргі зерттеушілер мен тарихшыларға Орталық Азиядағы тарихи байланыстарды талдау үшін пайдалы.

Б. Ахмедов, Д. Синор авторлығында дайындалған «Central Asia Under the Rule of Successors» атты жазба Шыңғыс хан әулетінің саяси тарихына арналады. Жазбада жаулап алынған территориялардың ұлыстарға бөлінуі, өткізілген құрылтайлар мен Шағатай ұлысының билігі, салықтарға тоқталады. Зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар тұлғалар туралы ақпарат кездеседі, Барақ пен Хайдудың қарсылығы баяндалады.

Зерттеу тақырыбына қатысты маңызды жұмыстың бірі – Усманова Э.Р. Ускенбай К., Антонов М.А. авторлығында дайындалған «В поисках исторического ландшафта Таласского курултая 1269 года» атты ғылыми мақала. Зерттеушілердің өзі атап өткендей, мақала «әскери қақтығысты шешудің тарихи ландшафты» ретінде жалпымонғолдық съезді өткізу аумағын реконструкциялауға арналады.

Татар ғалымы И.М. Миргалиевтың «Международный Золотоордынский форум и празднование 750-летия Таласского курултая в 2019 году» атты мақаласында жалпы Алтын Орда тарихына арналған ғылыми форумдарға шолу жасалады. Ондағы қарастырылған мәселелер мен маңызды тақырыптарды көруге болады. Мақалада Талас құрылтайына қатысты ғалымның өзіндік тұжырымдары мен көзқарастарының болуы жазбаның маңыздылығын арттырады.

Жалпы Хайдудың саяси күрестері мен Талас құрылтайы тарихының тарихнамасын толық зерттеу өте күрделі, жүйелі жұмысты қажет етеді, сондай-ақ оның бәрін ғылыми мақала шеңберіне сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан мақалада бүкіл тарихнаманы қарастыру көздемедейді.

Нәтижелер

Деректерге қарағанда Үгедей қағанның әйелдері көп болды және алпыс күні бар еді. Алайда оның танымал басты әйелдері төртеу болатын. Солардан қағанның жеті ұлы туылды. Олардың үлкен бесеуінің анасы Төрегене қатын еді, ал өзге екеуінің анасы күң болатын (Рашид-ад-дин, 2023: 406): Күйік, Годан (Кутан, Күтен), Кучу (Куджа, Көші), Карачар (Қарашар), Хашин (Қашын, Қашин), Қадан уғул (Қадан оғыл), Мәлік (Мелик, Малик)

Деректер бойынша Хайдудың әкесін «... Қашын өңірін бойсұндырған кезде дүниеге келгендіктен, оны Қашын деп атады. Ол шарапты өте көп ішетін әуесқой және үнемі мас күйде жүретін маскүнем болды, сөйтіп ол ішкілік құмар маскүнемдік кесірінен жас кезінде, әкесінің тірі уағында-ақ дүниеден өтті» (Рашид-ад-дин, 2023: 408).

Хайду – Үгедей қағанның немересі, жоғарыда аталған Хашинның ұлы болатын. Джамал Каршидың мәліметтері бойынша, «Хорасанда Үгедей ханның көз алдында баласы қайтыс болғанда, Хайду іште қалған бала болатын. Хайду туылғанда оны атасына әкеледі. Үгедей хан оны кеудесіне қысып құшақтап, «менен кейін осы ұлым менің мұрагерім болсын» (аль-Карши, 2005: 119), - деп сүйеді. Содан бастап ол хан ордасында тәрбиеленіп өседі.

Деректер бойынша Хайду шамамен 1235-1236 жылдары Хашиннің беркін тайпасынан шыққан әйелі Сепкине (Шабканэ) хатуннан туылады. Ал Үгедей қаған қайтыс болғанда ол билік үшін күресуге тым жас болатын.

Рашид-ад-дин Хайдуды: «өте ақылды, қабілетті және айлакер кісі болатын. Барлық істерін ол қулықпен және айламен ұйымдастыратын» дей келе, оның «ұлдарының саны анық белгілі емес. Кейбіреулер оның «қырық ұлы бар еді» деседі, алайда (бұл) асыра сілтеушілік. Ол жақта біраз уақыт болған Наурыз әмір: «Олар жиырма төрт» дейді. Алайда, бұл аймақта белгілілері – тоғыз», - деп жазады. Олар: Шапар (Чапар), Йангичар (Жаңашар), Ұрыс (Урус), Сарабан, Қудаур, Қурил (Құрыл), Сурқабуқа (Сұрқабұқа), Икубуқа (Екубұқа), Ли Бахши (Ли бақсы) (Рашид-ад-дин, 2023: 409-410). Сонымен қатар «Хайдудың Құтұлын шаған атты қызы бар болатын. Ол оны басқа балаларының барлығынан артық жақсы көрді. Оның мінезі жігіттердікіндей болатын, ол бірнеше рет жорықтарға барып, қаһармандық жасаған әрі (әкесінің) істерінде көмекші еді, сөйтіп әкесінің алдында құрметке ие болған тұғын» (Рашид-ад-дин, 2023: 411).

Негізінде Шыңғыс ханның құрған мемлекеті әулетке тиесілі немесе ортақ болғандықтан, барлық ұрпақтары билік ету құқығын талап ете алатын. Мұны М.Бирани еңбегінде айқын баяндайды. Автор: «... монғол дәстүріне сәйкес, бұл империя Шыңғыс хан отбасының ортақ меншігі болатын. Соның ішінде Қаған - «*primus inter pares*» (латын тілінде «тең құқылы арасында бірінші» деген мағынада түсінуге болады. Бұл әріптес, серіктес аудармасына қарай тағы басқа болуы мүмкін - авт.). Жаулап алынған жерлер отбасының барлық мүшелеріне пайда әкелетіндей байлықтың ортақ қоры ретінде қарастырылды. Бұл қағида жекелеген ханзадаларға

жергілікті құқықтарды, негізінен жаулап алынған аудандардан немесе мемлекеттен түсетін кірістерді немесе халықтың белгілі бір тобына үстемдік етуді қамтамасыз етуде көрінді. Империяның алқалық басқарылуы әсіресе, армия ұйымының «тамма» (тамга/таңба – авт.) жүйесінде анық көрініс табады: жаңа территорияларды жаулап алуды егжей-тегжейлі сипаттайтын армияның қолбасшысы – ханзада – отбасының басқа негізгі тармақтарының өкілдерімен бірге жүрді. Қағанның жауапкершілігінде өтетін барлық ханзадалардың құрылтайында жорықтар жоспарланды; және Үгедейден бастап жаулап алынған отырықшы аумақтарды басқаруда негізгі ұлыстар мен Ұлы ханның өкілдері бірлесіп жұмыс істеді. Алқалық тұжырымдама, әрине, қағанның империяны орталықтандырылған бақылауын шектеді. Сонымен қатар, бұл әр ханзаданың өз отарын жаю үшін кең және нақты аумақты пайдалану қажеттілігіне қайшы келді» (Biran, 1997: 7), – деп айтады.

Шыңғыс ұрпақтарының арасында мемлекет әулеттің ортақ билігінде болғандықтан, тақ таласы кейде бір үйдің ішінде де асқан қатігездікпен жүзеге асырылды. 1251 жылғы құрылтайдан кейін басталған Мөңке ханның «тазартуында» Үгедей және Шағатай ханның ұрпақтарының бәрі өлтірілмесе де, олардың саяси ықпалы жойылып, территориялары кішірейтілді. Сөйтіп, Мөңке хан Төле үйінің монғол империясындағы бұдан кейінгі билік гегемониясын біржола қамтамасыз етіп берген болатын (May, 2018: 153). Осы «тазартуда» Үгедей үйінің жеке әскерінің басым бөлігі алынып, хан отбасының өзге тармақтары арасында таратылып жіберілген болатын.

Осылайша, XIII ғасырдың ортасында Шыңғыс ұрпақтары арасындағы «Ұлы қағанның» тағы үшін күресте әсіресе, Үгедейдің әулеті қатты жеңіліске ұшырады. Зерттеуші М. Биран «Мөңке хан қызметіне бастағаннан кейінгі уақытта Үгедей үйінің жеке ұлыстық құрылымы сақталғанына» күмәнмен қарайды. Өйткені, зерттеушінің пікірінше: «Үгедей ұлысына хан тағайындалған жоқ және аймақтық басқаруда, сондай-ақ «тамма» жүйесі бойынша Батыс Азияны жаулап алуға жіберілген әскерде де үгедейлік өкілдер болған жоқ» (Biran, 1997: 16) болатын.

Біздіңше, Төле үйінің күшеюіне Бату ханның қолдауынан тыс, ең бастапқы уақытта империяны ұлыстарға бөлгендегі еншінің де септігі тиген сияқты. Өйткені, деректерге қарағанда Шыңғыс хан жаулап алған территорияларын төрт ұлының арасында еншіге бөлгенде Жошы, Шағатай және Үгедей үйлеріне төрт мың әскерден беріп, ал кіші ұлы Төленің еншісіне жүз бір мың әскер бергені туралы мәліметтер кездеседі. Бұл біріншіден, өзге ұлыстарға қарағанда Төле үйінің әскери күшін немесе басымдығын көрсетеді. Екіншіден, ұлыстарға бөлінген әскер көлемінің арасындағы айтарлықтай айырмашылықты назарға алатын болсақ, жиырма жылдан астам уақыттың ішінде олардың өзара теңесе қою ықтималы аздығын да ескерген жөн. Ал Мөңкенің таққа отырған тұсында әскери күштің өзгелерден басым болуы оның тек пайдасына ғана жұмыс жасаған еді.

1252 жылы Мөңке хан өзіне қолдау көрсеткен кейбір Үгедей ұрпақтарына үлес бөліп береді. Соның ішінде Үгедейдің күннен туылған алтыншы ұлы Хаданға Бешбалық беріледі. Үгедейдің күннен туылған жетінші ұлы Меликке Ертіс өзені аймағы, Хайдуға Еміл өзені мен Іле өзенінің арасындағы Алмалықтың солтүстік батысындағы Қаялық тиеді. Ал Үгедейдің төртінші ұлы Карачарға Еміл өзенінің аймағы беріледі. Мөңгету (Менггеду), Годан екеуі және Үгедейдің әйелі де өз үлестерін алады. Деректерде Годанның үлесі таңғұттардың жері екені айтылады. (Biran, 1997: 20)

Үгедей үйіне қарсы «тазартуда» Хайду аман қалғанымен, ол еш уақытта Мөңке ханды қолдаған жоқ. Оны мына бір оқиғадан да аңғаруға болады: 1256 немесе 1257 жылы ол Мөңке ханның хабаршысын тұтқынға алады. Ханға Хайдудың бұл әрекеті түсінікті болмаса да оны жазаландырудан тыс қалдырмайды (Аллсен, 1987: 53). Сонымен қатар ханның аталмыш өкілі Ши Тяньлиннің осы тұтқыннан жиырма жыл өткеннен кейін ғана босатылғаны айтылады. Хайду Мөңке хан қайтыс болғаннан кейін ғана саяси алаңға шықты.

Сонымен, Мөңке хан қайтыс болғаннан кейін Төленің ұлдары Құбылай мен Арық Бұға бірдей таққа отырғанда Хайду соңғысын қолдайды. Бірақ, М.Полоның жазбасына сүйенетін болсақ, ол Құбылайды монғол империясының алтыншы «Ұлы ханы» деп сипаттайды

(The Travels, 1950: 103). Әрине, бұл Арық Бұғаның Қаракорымда отырғанына қарамастан, Құбылайдан үстем еместігін аңғартады. Мұнда М.Биранның пікірін қолдауға болады. Автор: «аймақтық және алқалық құқықтың болуы ішкі және жеке шиеленіске түрткі болды ... бұған қоса, қағандар мен аймақтың хандарының арасындағы ажырамас шиеленіс олардың әрбірінің өзінің билігін басқасының есебінен кеңейтуге итермеледі. Әсіресе, аймақтық тәуелсіздік әрбір қаған қайтыс болғаннан соң келесі қағанға дейінгі аралық кезеңде айқын байқалды» (Biran, 1997: 8), – деп айтады.

Осылайша, Төленің ұлдары – Құбылай мен Арық Бұғаның өзара үздіксіз соғыстарынан кейін Арық Бұға ханның әскери күші қатты сарсылады. Ақырында Құбылай ханның билігін мойындайды (Рашид-ад-дин, 2023: 57–60). Алайда, Арық Бұғаның бұл әрекетіне Хайду көндіге алмай, онымен жолдарын айырады. Осы уақыттан бастап Үгедей хан үйінің Төле үйінің билігіне қарсы мықты қарсыласы пайда болады.

Хайду «ұлы ханның» тағын Үгедейдің үйіне тиесілі деп санады, бірақ, алдымен өзінің заңды ұлысын қайта қалпына келтіру жолына түседі. Зерттеулерге қарағанда, Хайду үшін Қаялық өз жақтастарын айналасына жинаған оның алғашқы территориялық әскери базасы болды. Деректерде Хайдудың негізгі көтерілу кезеңі 1260-1270 жылдар көрсетіледі.

1264 жылы Арық Бұға ағасының билігіне мойынсұнған соң Құбылай өзін ресми түрде бүкіл империяның ханы деп жариялайды. Империя астанасын Қаракорымнан Ханбалыққа (қазіргі Пекин) көшіреді. Сондай-ақ ұлыс билеушілерінің құрылтайға келуін күтеді, алайда олар келе қоймайды (May, 2018: 261). Бұл жағдай Құбылайды барлық монғол ақсүйектерінің қолдамайтынын аңғартады. Рашид-ад-динде былай баяндалады: «Қаған Арықбұқаның бүлігі мен фитнасынан арылған кезде, Үгетай қағанның ұлы Қашынның ұлы Қайдудан және кейбір Шағатайдың ұрпақтарынан басқа барлық ханзадалар оған бағынуға дайын екендерін білдірді. (Сонда) Құбылай қаған оларға (Қайду мен Шағатайдың кей ұрпақтарына) елші жіберіп, оларды өзіне жақындатпақ болып: – Өзге ханзадалардың барлығы бұл жерде болды (келді), сендер неліктен кешіктіңдер? Біздің аңсаған арманымыз – бір-бірімізді көрумен көздерімізді қуандыру. Барлығы жайлы ақылдасып болып, сендер түрлі сыйлықтар алған күйі қайтып кетесіңдер, – деді. Қайду бағынғысы келмеді. Ол: – Біздің шаруа малдарымыз (аттарымыз) азып кетті, олар азықтанып, оңалған кезінде мен бұйрыққа мойынсұнамын, - деп кешірім сұрады» (Рашид-ад-дин, 2023: 61).

Зерттеуші Т.И. Султановтың пікірінше, негізінен осы кезден бастап Монғол империясы төрт монархияға бөлініп, Шыңғыстың «алтын руы» бірнеше әулеттерге ыдырап кетеді: 1) Қытайдан басқарылатын Юань империясы; 2) Ираннан басқарылатын Ильхан мемлекеті; 3) Мауереннахрдағы Шағатай мемлекеті; 4) Ертістен Дунайға дейінгі территорияда жатқан Алтын Орда мемлекеті (Султанов, 2006: 23).

Жалпы М.Полоның жазбасынан Хайдудың еш уақытта Құбылаймен тату өмір сүрмегенін білеміз (The Travels, 1950: 359–361). Деректерге қарағанда, Хайду өз күшімен территориясы Орта Азия жеріне созылған мемлекеттің негізін қалайды. Ол Үгедей ұлысының билігін қалпына келтіреді. Жоғарыда атап өткендей, үнемі Үгедей ханның мұрагері ретінде «ұлы хан» тағына қол жеткізу үшін күреседі (Караев, 1995: 25–26) және сол жолда барлық тиімді сәттерді пайдалануға тырысады. Мәселен, шағатайлық Алғу хан мен жошылық Берке ханның өзара күресінде Берке ханға өз көмегін ұсынады. Берке хан оған жауап ретінде ақшалай, әскери көмек беретінін және Алғу ханды жеңген халде Шағатай ұлысын сыйға тартатынын айтады.

Біздіңше, нақ осы кездегі Монғол империясының саяси алаңында екі тарап айқын көрінеді: Жошы мен Үгедей үйінің одағы және Шағатай мен Төле үйінің одағы. Жошы ұлысы орталықтан қашықта орналасып, кейде тіпті үйлердің арасында бітімгерлік жасатуға тырысқанымен, түрлі себептерге байланысты тартыс шеңберінің тысында тұра алмайды. Осы күресте шағатайлық Алғу Құбылай ханға мықты одақтас болмаса да, ханға қарсы шықпаған болатын.

Жалпы алғанда, ұлыстардың тараптарға бөлінуінде өзіндік көптеген себептер жатты. Мәселен, соның бірі – Арран және Әзірбайжан жеріне қатысты мүдделерінде Жошы мен

Төле ұрпақтарының наразылықтары өршіп, соғысуға дейін барады. Соғыстың соңғы сәттерінде шегінуге мәжбүр болған Хулагу Тебризге барған соң Берке ханның барлық ортақтарын өлтіруге, саудагерлерінің мал-мүліктерін тәркілеуге, сондай-ақ Бұхарадағы Жошы ұлысының 5000 әскерін өлтіруге, олардың әйел-балаларының ешбіріне мейірімділік танытпауға бұйрық береді (История Вассафа, 2006: 163–165). Келесі бір дерек бойынша «Арық Бұға Шағатай ұлысының басына Алғуды тағайындап жібергенде, оның алдына жүз елу мың атты әскер жиналғаны баяндалады. Рашид-ад-дин: «сол әскердің бес мыңын өңірдің шекараларын қорғап, бұйрықтарын орындау үшін Самарқанд, Бұхара мен Мауереннахр аймақтарына жіберді. Олар ол жерлерге барғанда Беркенің барлық нөкерлері мен оларға тәуелді кісілердің барлығын өлтірді, тіпті атақты Сейфаддин Бухарзидің (Сайф ад-дин Бұхарзидің) ұлы, шейхул ислам Бұрхан ад-диннің немересіне дейін шахид қылды (өлтіріп тастады). Және ол адамдардың барша дүниесін, жылжитын әрі жылжымайтын мүліктерінің барлығын алып қойды» (Рашид-ад-дин, 2023: 54–55), - дейді. Ал Джамал Қаршидан Сейфаддин Бухарзидің Берке ханның ұстазы болғанын білеміз (аль-Карши, 2005: 120). Сонымен қатар кейбір зерттеушілер Берке ханның Арық Бұғаны белсенді қолдағанына байланысты Хулагудың оны әдейі соғысқа итермелегенін пайымдайды (Порсин, 2011: 17).

Ал Алғу хан қайтыс болғаннан кейін Құбылай хан мен шағатайлықтардың арасына жік түседі. Эргене (Ұрғана) хатун бастап шағатайлық ақсүйектер қолдап Мубаракты таққа отырғызады (деректерде Эргене хатунның қайтыс болған уақытына қатысты айырмашылықтар кездеседі). Мұндағы назар аударуды қажет ететін маңызды мәселе дәстүрдің сақталмағандығы болып тұр. Яғни қалыптасқан дәстүр бойынша тұтас Монғол империясының ханы ғана ұлыстарға билеушіні тағайындайтын еді. Сондықтан, шағатайлықтардың бұл әрекеті Құбылай ханға ұнамайды. Ол өз адамы ретінде Мубарак ханның немере ағасы Бараққа жарлық шығарады. Сөйтіп, Құбылай ханның жарлығы бойынша Барақ Шағатай ұлысын Мубарак ханмен бірлесіп басқаруы керек болатын (Biran, 1997: 24). Алайда, Барақ Шағатай ұлысындағы Мубарак ханның беделін көрген соң жарлықты көрсетпей, тек пана іздеп келгенін білдіреді. Хан оған ата мекені Амударияның солтүстігіндегі Чаганианға орналасуына рұқсат береді. Барақ сол жерде жүріп Мубарак ханның көптеген әмірлерін өз жағына тартып, уақыт өте үлкен әскери күшке айналады, Мубарак ханды қуғынға ұшыратады (Biran, 1997: 24). Осы тұста Құбылай ханның Бараққа артқан үмітінің ақталмағанын көреміз. Құбылай хан Барақтың және барлық шағатайлық ханзадалардың көзін жою үшін әмір Коничиды аттандырады. Алайда, әмір Коничидың алты мың әскеріне Барақтың отыз мың атты әскері қарсы шыққан соң, әмір шегінеді. Ал бұдан кейін Барақ Хайду мен Мөңке Темірге қарсы жорық жасауды ойластырады (Рашид-ад-дин, 2023: 168).

Барақ Шағатай әулетінің билеушісі болды. Ол Шағатай ұлысының батыс облыстарын басқарды, оған қазіргі Қазақстан мен Өзбекстанның бірқатар аймақтары кірді. Барақтың негізгі жетістігі – Шағатай ұлысында билік үшін күрес жүргізіп, аймақтағы өзінің рөлін нығайтуы болатын. Ол өз территориясын Құбылай мен басқа монғол ұлыстарының ықпалынан қорғауға тырысты.

Осы жерде Үгедей үйінде де маңызды ілгерілеу байқалғанын атап өту керек. Хайдудың өз территориясын кеңейтіп, әскери күшін толықтыра түсуіне М.Биранның пікіріне қарағанда, Алғудың қайтыс болуы (1265/6 ж.) Берке ханның қайтыс болуы (1266/7ж.), Хулагудың қайтыс болуы (1265 ж.) өзіндік вакуум тудырды. Ұлыстардың басындағы өз ахуалы Хайдудың әскери күшіне назар аударатындай сәт берген жоқ. Хайдудың нақты қол астындағы территория туралы анық ақпарат болмаса да, батысы Таласқа дейін созылып, кейін оның орталығына айналғаны айтылады (Biran, 1997: 23).

Сонымен, Хайду мен Барақтың соғысы басталады. Беркежар (Беркечар) бастап Жошы ұлысынан келген әскери көмектің арқасында Хайду Барақтың әскерін жеңеді, ол Мауереннахрға қашады. Хайду оның соңына түспей керісінше, бейбіт келісім үшін екі жүздей атты әскермен інісі Қыпшақты елші етіп жібереді. Деректерге қарағанда, Қыпшақ Барақты дұшпандықты тоқтатуға көндіріп, келесі жылға жоспарланған құрылтайға шақырады.

Рашид-ад-дин оны парсы тілінде «Курилтай-и бузург» деп атайды. Бұл аудармасында «Ұлы құрылтай» деген мағына білдіреді. Сөйтіп, зерттеушілер құрылтай деп XII–XIII ғасырлардың тоғысындағы түркі-моңғол тайпаларының бірігуіне байланысты ақсүйектердің мәжілісін (съезі) атағанын айтады (Усманова и др., 2022: 138).

Тарихи жазбалар бойынша 667/1269 жылдың көктемінде үш ұлыстың билеушілері Талас пен Кенжектің жайлауында бас қосады (Рашид-ад-дин, 2023: 169). Құрылтайды Хайду басқарады. Деректерде басты қатысушылар ретінде Жошы ұлысынан хан Мөңке Темір мен қолбасшы Беркежар, Үгедей үйінен Хайду мен Қыпшақ, Шағатай үйінен Барақ аталады. Ал жалпы саны ұлыс билеушілерін әскерлерімен қосқанда өте көп болғанын жоққа шығара алмаймыз. Кейбір зерттеушілер Мөңке Темірдің жиынға өзі қатысқанына күмәнмен қарайды.

Сонымен, құрылтай мүшелері құрылтайдың бастапқы жеті күнінде көңіл көтеріп, сегізінші күнінде күнтәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеді. Рашид-ад-динге сүйенетін болсақ: «алдымен Қайду сөйледі: – Біздің даңқты атамыз Шыңғыз хан (бүкіл) әлемді парасаттылығымен, ақылмен және қылыш пен оқтардың соққысымен басып алып, тәртіпке келтірді, дайындап өз әулетіне тапсырды. Міне, біздің бәріміз әкелер жағынан бір-бірімізге туысқанбыз. Өзге ханзадалар болса, біздің аға-інілеріміз, олардың ортасында келіспеушіліктер мен алауыздық жоқ. Не үшін олар (келіспеушіліктер мен алауыздықтар) біздің ортамызда болуы керек?! – деп басталады» (Рашид-ад-дин, 2023: 169).

Деректердегі құрылтайдың мазмұнына қарап қарастырылған мәселелерді былай жіктеуге болады: 1) территориялық иеліктер туралы; 2) халықтың ахуалын жақсарту, шаруашылық мәселелері; 3) қалаларды абаттандыру, қаржы мәселелері.

1) территориялық иеліктер туралы. Шыңғыс ұрпақтарының барлығы нақты территорияға ие болуын ескерте отырып, Шағатай ханның мұрагері ретінде Барақ өзінің жеке иелігі болуын дұрыс деп санайтынын айтады. Құрылтай мүшелері бұл сұранысты оң қабылдайды. Рашид-ад-динде былай баяндалады: «... Алайда мен де сол ағаштың жемісімін ғой. Маған да жұрт және өмір сүруге дүние тағайындалуы керек қой. Шағатай мен Үгетай Шыңғыз ханның ұлдары еді. Үгетай қағанның естелігі ретінде Қайду, ал Шағатайдан (естелік болған) мен, ал олардың үлкен ағасы болған Жошыдан (естелік болған) Беркежар мен Мөңке Темір. Кенже іні Төледен (естелік) Құбылай қаған болып қалды. Қазір ол олардың кеңдігін Ұлы Құдай ғана білетін Қытай мен Хотанның шығыс елдерін басып алды. Батыс елдерін Әмудан Шам (Сирия) мен Мысырға дейін әкесінің үлесі ретінде Абақа хан мен оның бауырлары иемденіп алды. Ал ол екі ұлыстардың ортасында сендердің иеліктерің болған Түркістан мен Дешті Қыпшақ аймақтары. Сендер маған бірігіп қарсы шықтыңдар. Мен қанша ойлансам да, өзімді күнә жасағандай болып есептемеймін, – деді. Олар: – Шындық сенің жағында. Шешім мынадай: бұдан былай өткенді еске алмайық, жайлау мен қыстауларды әділетті түрде бөліп алып, таулар мен жазықты жерлерге қоныстанаық, себебі бұл аймақтар қатты ойрандалған әрі өңделмеген, – деді» (Рашид-ад-дин, 2023: 169–170).

Осыдан кейін Мауереннахрдың үштен екісі Бараққа, қалған бөлігі Хайду мен Мөңке Темірдің арасында бөлінеді. Бұған қоса, Бараққа келесі көктемде Әмударияның арғы жағындағы Абақа хан елінің есебінен жайылымын кеңейту қабылданады.

2) халықтың ахуалын жақсарту, шаруашылық мәселелері. Монғол ақсүйектері таулы аймақтар мен далалы жазықтарда өмір сүруге бел байлайды. Қалаларға нақты белгіленген алым-салықты жинауға болмаса себепсіз кіріп бағынышты халықты әділетсіз мазаламауға келіседі.

3) қалаларды абаттандыру, қаржы мәселелері. Бұл қызметті жүргізуге Масудбек Ялавач тағайындалады. Масудбек Ялавачты сол кездің өте білікті қаржыгері деп айтуға болады. Ол бұдан бұрын Мөңке ханның тұсында Түркістан мен Мауереннахрда қызмет еткен болатын, енді бұдан кейін ол ғана емес, оның ұлдары да Түркістандағы Шағатай және Үгедей ұрпақтарына қызмет етеді.

Құрылтайда Барақ пен Хайду өзара «қан ағайындылар және мәңгі достар» ретінде ант ішкенімен, бір-біріне сенімсіз болғаны аңғарылады. Зерттеулерге қарағанда, Барақ кетуден бұрын өзінің ұлы Бек Темірге өзінен кейін шығуға дайын тұруын және оған бір зиян тиген

жағдайда алдын-ала дайындалған елу мың адамды шақыруын ескертеді (Biran, 1997: 26-27).

Сөйтіп, құрылтайдың шешіміне сәйкес, Хайду өзінің территориясын Шағатай ұлысының есебінен батысында Сырдариядан Ферғанаға дейін кеңейтеді. М.Биранның пікірінше, Хайдудың жоспарында Барақ Абака ханға соғыс ашса екі жақта зардап шегетін еді. Егер Абака хан жеңілетін болса, Барақ Хорасанмен айналысып кетіп, оның Мауереннахрға жүргізетін бақылауы әлсірейтін. Ал Барақ жеңілетін болса, тіпті жақсы болатын еді. Сол сияқты Абака ханмен «бейбіт» және «келісім» қатынастағы Мөңке Темірдің тарапынан да өз есебі болғаны болжамданады. Сондықтан мұндағы негізгі мәселе Барақты жою болатын. Бұған қоса зерттеуші М.Биран құрылтайдың шешімін «Рашид-ад-дин айтқандай, Хайдудың Құбылайға және Барақтың Құбылайдың жиені Абака қарсы соғысын Үгедей және Шағатай үйлерінің Төле үйіне қарсы көтерілісі деп түсіндіруге болмайды» (Biran, 1997: 27), - дейді. Ал Рашид-ад-диннің еңбегінен Абака ханға соғыс ашуды Барақ ұсынған секілді ой қалдырады: «Біздің әскерлеріміздің саны өсті, сөйтіп бұл аймақтар оларды (қажеттіліктерін) көтере алмайды. Мен Хорасан уәлаятын алу үшін дариядан асып өтемін. Қайду анда маған көмек көрсетуі қажет, - деді. Қайду (оның) бұл өңірлерден кеткенін қалағандықтан әрі Абака ханмен дұшпандықта болғандықтан ол бұған келісімін берді. Сөйтіп, Қыпшақ оғыл мен Күйік ханның ұлы Накудың ұлы Чабат Уғұлдың (Шабат оғылдың) әрқайсысына Бараққа әскерімен көмекке баруды бұйырды» (Рашид-ад-дин, 2023: 499).

Дегенмен, құрылтайда Төле үйіне қарсы шешім қабылданбаса да «ұлы ханға» тәуелсіз құрылтайдың шақырылуы, отырықшы аймақтардың бөлінуі, сондай-ақ Үгедей, Мөңке заманынан бері «ұлы ханмен» бірлескен әкімшілік аясындағы Самарқанд және Бұхара қалаларын өзара бөліске түсіру Құбылай ханға ашық бас көтеру болатын. Құрылтайда Барақ Құбылай ханды тұтас монғол территориясын басқарып отырған қаған емес, шығыстағы «аймақтың ханы» деп атайды (Biran, 1997: 27). Ата-бабасының дәстүрлі жолы мен көшпелі өмір салтын бұзғаны үшін, мемлекеттің астанасын бастапқы ордасынан Қытайға көшіргені үшін Құбылай ханды ұлыс билеушілерімен қоса көптеген монғол ақсүйектері айыптайды.

Жазба деректерде 1269 жылы шақырылған құрылтайдың барысында Хайдудың «хан» ретінде ақ киізге отырғызылып көтерілгені туралы ешбір ақпарат кездеспейді, бірақ, тарихи фактілер оның Үгедей және Шағатай иеліктерінің де негізгі билеушісі болғанын мойындайды (Караев, 1995: 25).

Талас өзенінің жағасындағы Шыңғыс ұрпақтарының қорытынды кездесуінің нәтижесінде 1) тарихнамада Алтын Орда деп аталатын – Жошы ұлысы; 2) Орта Азия территориясында – Шағатай ұлысы; 3) тарихнамада Хайду мемлекеті деп аталатын Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы – Үгедей ұлысы; 4) тарихнамада Юань империясы деп аталатын Қытай мен Монғолия жеріндегі – Құбылай ұлысы; 5) тарихнамада Ильхан мемлекеті деп аталатын Иран, Ирак, Әзірбайжан, Кіші Азия территориясына созылған – Хулагу ұлысы пайда болды. Құрылтайда қабылданған шешімдер Монғол империясының ыдырауын заңды түрде растап қана қойған жоқ, сонымен бірге Жошы ұлысының нағыз егемен мемлекет – Алтын орда болуына мүмкіндік берді (Мирғалиев, 2019: 157).

Сөйтіп, құрылтай Жошы, Үгедей, Шағатай үйлерінің арасындағы қарым-қатынасты біршама уақыт тұрақтандырып, нығайтты. Әсіресе, шағатайлық Дува хан Хайдудың мықты одақтасы болып, оның Монғолия жорықтарына қатысады (Akhmedov, Sinor, 1998: 268). Бірақ, XIV ғасырдың басында шағатайлық Дува ханның қайтыс болуымен Хайдудың және оның ұлдарының мемлекет монеталарындағы таңбасы жойылады. Бұдан Хайду әулетінің жекеменшігіне Дуваның ұрпақтарының белсенді шабуылын және мұнда мемлекеттік қайта құрудың басталғанын түсінеміз (Петров, 2007: 9).

Жалпы Хайдудың өзге ұлыстармен қатынасын былайша жинақтап сипаттауға болады: 1) Жошы ұлысының ханы Беркемен одағы дипломатиялық және әскери ынтымақтастық аясында жүзеге асырылды. Бұған қарамастан әрқайсысының жеке мүдделері болды. Мұнда Берке ханның ислам дінін қабылдауының да өзіндік әсері болуы мүмкін. Өйткені, бұл шешім Алтын Орданың саяси және мәдени бағытының өзгеруіне әкелді, монғол билеушілерімен, соның ішінде Хайдумен көзқарас айырмашылығын тудырды; 2) Шағатай ұлысының ханы

Баракпен арасындағы қарым-қатынастар өте күрделі болатын. Олардың ынтымақтастық сәттерінің өзі де шиеленістерге толы еді. Дегенмен, екі билеуші де XIII ғасырдағы Орталық Азияның саясатында маңызды рөл атқарды; 3) Ұлы қаған немесе Юань мемлекетінің ханы Құбылаймен арасындағы қарым-қатынастар терең саяси келіспеушіліктермен және тұрақты әскери қақтығыстармен анықталды. Хайду мен Құбылай өмірінің соңына дейін бір-біріне бітіспес дұшпан болды; 4) Илхан мемлекетінің ханы Абакамен арасындағы қарым-қатынастары күрделі сипатта жүзеге асырылды. Екі билеушінің саяси мақсаттары мен мүдделеріндегі айырмашылықтарына байланысты қарым-қатынастары да ынтымақтастық пен қақтығыстарды қатар алып жүрді.

Хайду мықты саясаткер, әрі ұйымдастырушы болды. Жоғарыда атап өткендей, Шыңғыс ұлдарының үйлері арасында болып жатқан өзгерістердің барлығын өзіне тиімді қолдана білді. Зерттеуші М.Биранның пікірінше, ол Берке мен Алғудың, Барак пен Абаканың бәсекелестігін қалай қолданса, Шағатай үйіндегі бәсекелестікті ашық соғысқа айналдыру арқылы да одан өз пайдасын шығарды. Сондай-ақ оның әскерінің тәртібі мен үйретілгені соншалықты Хайдудың аты аңызға айналып, тіпті кейбір монғолдардың армандайтын одақтасы халіне жетті (Biran, 1997: 34).

Сонымен, Монғол империясының тарихында билікке таластың алғашқы көрінісі Үгедей қағанның қайтыс болуынан басталды. Ал XIII ғасырдың екінші жартысында Төле үйінен шыққан екі ханзаданың (Құбылай, Арық Бұға) бірдей таққа отыруынан кейін Шыңғыс ұрпақтары ешқашан бір билікке бағына алмады. Осындай оқиғалар тоғысында шақырылған Талас құрылтайы ұлыстар тарихында шешуші рөл атқарды.

Қорытынды

Хайдудың саяси күресі мен Талас құрылтайы Монғол империясының тарихында маңызды орын алады. Хайду (шамамен 1235/6–1301жж.) өмір сүрген, XIII ғасырдағы маңызды әскери және саяси әрекеттерімен танымал Монғол империясының беделді көшбасшысы және билеушілердің бірі болды. Ол орталықтандырылған билікке қарсы және дәстүрлі монғол құндылықтарына берілген тарихи тұлға болды. Хайдудың өмірі мен қызметі Монғол империясының дамуы мен бөлшектенуіне айтарлықтай әсерін тигізді.

Дегенмен, Хайдудың саяси күресі Шыңғыс хан отбасының әртүрлі тармақтары арасында кең таралған империя билігі үшін кезекті таластардың бірі болатын.

Қорыта айтқанда, империяны басқарудың «алқалық» түрі Хайдудың билік үшін заңды күресіне жол ашты. Сондықтан Үгедейдің заңды мұрагері ретінде Хайдудың «Ұлы қағанға» қарсы бас көтеруі монғол көшбасшылары мен ақсүйектерінің арасында теріс көзқарас тудырмады. Сондай-ақ оның саяси күрес жолы жалпыдан гөрі, жеке мемлекетін құруға деген ұмтылысының басым болғанын аңғартты.

1269 жылы Хайдудың басшылығында шақырылған Талас құрылтайы Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейінгі уақыттағы Монғол империясындағы күрделі әулеттік және саяси қақтығыстарды айқын бейнелейтін маңызды тарихи оқиға болды.

Талас құрылтайы Хайдудың ұлыстар арасындағы беделін және Мөңке ханның тұсында адами ресурсы жағынан, экономикалық және әскери қуаты тұрғысынан қатты зардап шеккен Үгедей үйінің саяси мәртебесін қайта бекітілді. Одақтарға бөлінген Жошы, Шағатай, Үгедей үйлері уақытша өзара келісімге келді. Әулеттер арасындағы наразылықтар басылып, ұлыстардың шекаралары белгіленді. 1206 жылы монғол империясының алғашқы құрылтайы мемлекеттің құрылуын жариялаған болса, 1269 жылғы соңғы құрылтай ұлыстардың тәуелсіздігін белгіледі. Осылайша, Шыңғыс әулетінің ортақ қазынасына айналған империяның территориясы көлемінен гөрі, тақ үшін күрестің салдарынан бөлшектенді.

Әдебиеттер

- Аль-Карши, 2005 — *Джамал аль-Карши*. Ал-Мулхакат би-с-сурах / Отв.ред. А.К. Муминов. Введение, перевод с арабско-персидского, коммент., текст, факсимиле Ш.Х. Вохидова, Б.Б. Аминова. Алматы: Дайк Пресс, 2005. 416 с.
- Бартольд, 1963 — *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Москва, 1963. 759 с.
- История Вассафа 2006 — *История Вассафа*. История Казахстана в персидских источниках. 4-том / Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Алматы: Дайк Пресс, 2006. С. 161–178.
- Караев, 1995 — *Караев О.* Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа. Бишкек: Кыргызстан, 1995. 160 с.
- Миргалиев, 2019 — *Миргалиев И.М.* Международный Золотоордынский форум и празднование 750-летия Таласского курултая в 2019 году // Тюркологические исследования, 2019. Том 2. № 1. С. 151–158.
- Петров, 2007 — *Петров П.Н.* Нумизматическая история Чагатайского государства 668/1270-770/1369 гг. Автореферат на соискании уч. степени канд. ист. наук. Казань, 2007. 26 с. URL: <https://www.dissercat.com/content/numizmaticheskaya-istoriya-chagataidskogo-gosudarstva-6681270-7701369-gg>.
- Порсин, 2011 — *Порсин А.А.* Политическая деятельность Ногай в Золотой Орде (1262–1301 годы). Автореферат на соискании уч. степени канд. ист. наук. Казань, 2011. 24 с. URL: <https://www.dissercat.com/content/politicheskaya-deyatelnost-nogaya-v-zolotoi-orde>.
- Рашид-ад-дин, 2023 — *Рашид-ад-дин Фазлуллах Хамадани*. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы). 1 том / Аударып, түсініктеме жазғандар: Оразбай З.Ж., Оразбаев М.З. Астана, 2023. 528 б.
- Рашид-ад-дин, 2023 — *Рашид-ад-дин Фазлуллах Хамадани*. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы). 2 том / Аударып, түсініктеме жазғандар: Оразбай З.Ж., Оразбаев М.З. Астана, 2023. 720 б.
- Султанов, 2006 — *Султанов Т.И.* Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. Москва, 2006. 445 с.
- Усманова и др. 2022 — *Усманова Э.Р. Ускенбай К., Антонов М.А.* В поисках исторического ландшафта Таласского курултая 1269 года // Вестник Международного института центральноазиатских исследований. 2022. № 32. С. 137–144.
- Akhmedov, Sinor, 1998 — *Akhmedov B. Sinor D.* Central Asia Under the Rule of Successors // History of civilizations of Central Asia. The Age of achievement, A.D. 750 to the end of the fifteenth century. 1998. Vol. 4. Part 1. Pp. 265–272.
- Allsen, 1987 — *Allsen, Th.T.* Mongol Imperialism The Policies of the Grand Qan Mongke in China, Russia, and the Islamic Lands 1251–1259. Berkeley: University of California Press, 1987. 278 p.
- Biran, 1997 — *Biran M.* Qaidu and The Rise of the Independent Mongol State in Central Asia. Great Britain: Gurzon Press, 1997. 198 p.
- May, 2018 — *May T.* The Mongol Empire. Edinburgh, 2018. 416 p.
- The Travels of Marco Polo, 1950 — *The Travels of Marco Polo*. Translated into English from the text of L.F. Benedetto by Aldo Ricci. London, 1950. 439 p.

References

- Akhmedov, Sinor, 1998 — *Akhmedov B. Sinor D.* Central Asia Under the Rule of Successors. History of civilizations of Central Asia. The Age of achievement, A.D. 750 to the end of the fifteenth century. 1998. Vol. 4. Part 1. Pp. 265–272. (In Eng.).
- Al-Karshi, 2005 — *Djamal al-Karshi*. Al-Mulhakat bi-s-surah / Ex. ed. A.K. Muminov. Introduction, transl. from Arab, Prisian, comments, text, facsmile by Sh.H. Vohidov, B.B. Aminov. Almaty: Dayk Press, 2005. 416 p. (In Russ.).
- Allsen, 1987 — *Allsen, Thomas T.* Mongol Imperialism The Policies of the Grand Qan Mongke in China, Russia, and the Islamic Lands 1251–1259. Berkeley: University of California Press, 1987. 278 p. (In Eng.).
- Bartold, 1963 — *Bartold V.V.* Turkestan v epohu mongolskogo nashestviya [Turkestan in the era of the Mongol invasion]. Moscow, 1963. 759 p. (In Russ.).
- Biran, 1997 — *Biran Michal*. Qaidu and The Rise of the Independent Mongol State in Central Asia. Great Britain: Gurzon Press, 1997. 198 p. (In Eng.).
- Istoriya Vassafa 2006 — *Istoriya Vassafa* [Tarikh-i Waṣṣaf] The history of Kazakhstan in Persian sources. Vol. 4. Collection of materials related to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian works collected by V.G. Tiesenhausen and processed by A.A. Romaskevich and S.L. Volin. Almaty: Dayk Press, 2006. Pp. 161–178. (In Russ.).
- Karaev, 1995 — *Karaev O.* Chagatayskiy ulus. Gosudarstvo Haydu. Mogulistan. Obrazovanie kyrgyzskogo naroda [Chagatai ulus. The State of Haidu. Moghulistan. Formation of the Kyrgyz people]. Bishkek: Kyrgyzstan, 1995. 160 p. (In Russ.).
- May, 2018 — *May Timothy*. The Mongol Empire. Edinburgh, 2018. 416 p.
- Mirgaliev, 2019 — *Mirgaliev I.M.* Mejdunarodnyiy Zolotoordynskiy forum i prazdnovanie 750-letiya Talasskogo kurultaya v 2019 godu [The International Golden Horde Forum and the celebration of the 750th anniversary of the Talas Kurultai in 2019]. Tyurkologicheskie issledovaniya. 2019. Vol. 2. No. 1. Pp. 151–158. (In Russ.).
- Petrov, 2007 — *Petrov P.N.* Numizmaticheskaya istoriya Chagatayskogo gosudarstva 668/1270-770/1369 gg. [Numismatic history of the Chagatai state 668/1270-770/1369]. Abstract for the degree of Candidate of Historical Sciences. Kazan, 2007. 26 p. URL: <https://www.dissercat.com/content/numizmaticheskaya-istoriya-chagataidskogo-gosudarstva-6681270-7701369-gg>.

[gosudarstva-6681270-7701369-gg](#). (In Russ.).

Porsin, 2011 — *Porsin A.A. Politicheskaya deyatelnost Nogaya v Zolotoy Orde (1262–1301 godyi)* [Nogai's political activity in the Golden Horde (1262-1301)]. Abstract for the degree of Candidate of Historical Sciences. Kazan, 2011. 24 p. URL: <https://www.dissercat.com/content/politicheskaya-deyatelnost-nogaya-v-zolotoi-orde>. (In Russ.).

Rashid-ad-din, 2023 — *Rashid-ad-din Fazlullah Hamadani. Jami at-tavarih (Tarihtar jinagy)*. 1 Volume / Transl., comments by Orazbay Z.Zh., Orazbaev M.Z. Astana, 2023. 528 p. (In Kaz.).

Rashid-ad-din, 2023 — *Rashid-ad-din Fazlullah Hamadani. Jami at-tavarih (Tarihtar jinagy)*. Vol. 2 / Transl., comments by Orazbay Z.Zh., Orazbaev M.Z. Astana, 2023. 720 p. (In Kaz.).

Sultanov, 2006 — *Sultanov T.I. Chingiz-han i Chingizidiy. Sudba i vlast* [Genghis Khan and the Genghisids. Fate and power]. Moscow, 2006. 445 p. (In Russ.).

The Travels of Marco Polo, 1950 — *The Travels of Marco Polo*. Translated into English from the text of L.F. Benedetto by Aldo Ricci. London, 1950. 439 p. (in Eng.)

Usmanova, Uskenbay, 2022 — *Usmanova E.R. Uskenbay K., Antonov M.A. V poiskah istoricheskogo landshafta Talasskogo kurultaya 1269 goda* [In search of the historical landscape of the Talas Kurultai of 1269]. International Institute of Central Asian Studies Bulletin, 2022. No. 32. Pp. 137–144. (In Russ.).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Абуов Н.А., Мәлікова С.З. ӘЛЕУМЕТТІК ТРАГЕДИЯ КОНТЕКСТІНДЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ.....	528
Нұртазина Н.Д., Қартабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. ҚАЗАҚТЫҢ ИШАНДАРЫ МЕН ӘУЛИЕ ЕМШІЛЕРІНІҢ МҰРАСЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МҰСЫЛМАНДЫҚ-СОПЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ АЯСЫНДА ЖАҢАША ЗЕРТТЕУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	541

ТАРИХ

Алмагамбетова А., Уста А. ҚАРАХАНДАР САРАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЛАУАЗЫМДАР: СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	558
Бейсембаева А.Р., Абенова Г.А., Мамытова С.Н. XVIII ҒАСЫРДЫҢ 50-ШІ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АМУРСАНА КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ: МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ	572
Жолдасұлы Т., Тайман С.Т., Құдайбергенова А.И. СОВЕТТІК ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДІНИ СИПАТЫ (1918–1930).....	585
Жумағанбетов Т.С. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНЫҢ ТӨРТ ФАКТОРЫ (ҚАЗАҚ-ШАҒАТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ).....	600
Исмаилзаде С.Д., Жеңіс Ж.Ж. XI–XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК КАВКАЗ ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ	614
Крупко И.В., Бұрханов Б.Б. «АЗ И Я» – ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХЫ: АЙЫПТАУДАН ТАЛҚЫЛАУҒА ДЕЙІН.....	626
Кушенова Г.И. ХАЙДУ ЖӘНЕ ТАЛАС ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	642
Қаратаев Ә.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕСІ: ҚАНАТТАР, ЖҮЗДЕР, ТАЙПАЛАР ЖӘНЕ ШЕЖІРЕ.....	658
Легкий Д.М., Түрежанова С.А., Саметова Г.С. ҚАЗАҚ АКСР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОСТАНАЙ АКУШЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ (1929–1935 ЖЖ.).....	671
Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. ТАШКЕНТ ОАЗИСІНДЕГІ ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТАСЫ (XVIII ғ.).....	687
Шотанова Г.А., Сатенова М.Р. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЭМБА ЖӘНЕ ОЙЫЛ БЕКІНІСТЕРІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	702
Эгамбердиев М., Ахантаева Ә., Ахантаева Г. СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫ: ДИҚАНШЫЛЫҚ, МАЛ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы).....	714

АНТРОПОЛОГИЯ

Шайкен Ж.А. «ДЫҢ» ТИПТІ ЕРТЕТҮРКІ МЕМОРИАЛДЫҚ-КУЛЬТТІК ТАС ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ.....	729
Ярыгин С., Сакенов С., Шульга В. САНДЫҚТАУ ТАУДАҒЫ СТЕЛАЛЫҚ КЕШЕН ЖӘНЕ БЕТТІҢ РЕЛЬЕФ БЕЙНЕСІ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН).....	748

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Абуов Н.А., Маликова С.З. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И ГОЛОД В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ ТРАГЕДИИ.....	528
Нуртазина Н.Д., Картабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКИХ ИШАНОВ И СВЯТЫХ ЦЕЛИТЕЛЕЙ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ МУСУЛЬМАНСКО-СУФИЙСКОЙ ТРАДИЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	541

ИСТОРИЯ

Алмагамбетова А., Уста А. ГЛАВНЫЕ ДОЛЖНОСТИ ПРИ ДВОРЕ КАРАХАНИДОВ: ФОРМИРОВАНИЕ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ.....	558
Бейсембаева А.Р., Абенова Г.А., Мамытова С.Н. ВОССТАНИЕ АМУРСАНЫ И КАЗАХСКИЕ ОПОЛЧЕНИЯ В 50-Е ГГ. XVIII В.: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	572
Жолдасулы Т., Тайман С.Т., Кудайбергенова А.И. РЕЛИГИОЗНЫЙ ХАРАКТЕР ДВИЖЕНИЯ БАСМАЧЕСТВА В СОВЕТСКОЙ СРЕДНЕЙ АЗИИ (1918–1930 гг.).....	585
Жумаганбетов Т.С. ЧЕТЫРЕ ФАКТОРА ЧАГАТАЙСКОГО УЛУСА В ВОПРОС ВОЗНИКНОВЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (КАЗАХСКО-ЧАГАТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ).....	600
Исмаилзаде С.Д., Женис Ж.Ж. ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ ПО ИСТОРИИ КЫПЧАКОВ ЮЖНОГО КАВКАЗА В XI–XIV В.В.....	614
Крупко И.В., Бурханов Б.Б. ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ «АЗ И Я»: ОТ ОСУЖДЕНИЯ К ОБСУЖДЕНИЮ.....	626
Кушенова Г.И. ХАЙДУ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТАЛАССКОГО КУРУЛТАЯ.....	642
Каратаев А.А. ПОЛИТИКО-АДМИНИСТРАТИВНАЯ СИСТЕМА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: КРЫЛЬЯ, ЖУЗЫ, ПЛЕМЕНА И ШЕЖИРЕ.....	658
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Саметова Г.С. КУСТАНАЙСКИЙ АКУШЕРСКИЙ ТЕХНИКУМ В СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАЗАХСКОЙ АССР (1929–1935 гг.).....	671
Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. СТЕПНАЯ ЭЛИТА СТАРШЕГО ЖУЗА В ТАШКЕНТСКОМ ОАЗИСЕ (XVIII В.).....	687
Шотанова Г.А., Сатенова М.Р. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЭМБИНСКОГО И УИЛСКОГО УКРЕПЛЕНИЙ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В ИСТОРИИ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	702
Эгамбердиев М., Ахантаева А., Ахантаева Г. ОТРАСЛИ ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ НИЖНЕГО И СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ СЫРДАРЬИ: ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, ЖИВОТНОВОДСТВО И РЫБОЛОВСТВО (середина XIX–начало XX в.).....	714

АНТРОПОЛОГИЯ

Шайкен Ж.А. К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ РАННЕТЮРКСКИХ МЕМОРИАЛЬНО-КУЛЬТОВЫХ КАМЕННЫХ СООРУЖЕНИЙ ТИПА «ДЫН».....	729
Ярыгин С., Сакенов С., Шульга В. КОМПЛЕКС СО СТЕЛОЙ И РЕЛЬЕФНЫМ ИЗОБРАЖЕНИЕМ ЛИЦА В ГОРАХ САНДЫКТАУ (СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН).....	748

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abuov N.A., Malikova S.Z. COLLECTIVISATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF SOCIAL TRAGEDY.....	528
Nurtazina N.D., Kartabayeva E.T., Dautbekova M.K. THE LEGACY OF THE KAZAKH ISHANS AND HEALING SAINTS: NEW APPROACHES AND PROSPECTS FOR STUDYING IN THE CONTEXT OF THE ISLAMIC-SUFI TRADITION OF CENTRAL ASIA.....	541

HISTORY

Almagambetova A., Usta A. KEY OFFICIALS IN THE QARAKHANID COURT: SHAPING FOREIGN POLICY.....	558
Beisembayeva A.R., Abenova G.A., Mamytova S.N. THE UPRISING OF AMURSANA AND KAZAKH MILITIAS IN THE 1750S: BASED ON ARCHIVAL MATERIALS.....	572
Zholdassuly T., Taiman S.T., Kudaibergenova A. THE RELIGIOUS NATURE OF THE BASMACHI MOVEMENT IN SOVIET CENTRAL ASIA (1918–1930).....	585
Zhumaganbetov T.S. FOUR FACTORS OF THE CHAGATAI ULUS IN THE ISSUE OF THE EMERGENCE OF THE KAZAKH KHANATE (KAZAKH-CHAGATAI RELATIONS).....	600
Ismailzade S.J., Zhenis Zh. REVIEW OF RESEARCHES ON THE HISTORY OF THE KIPCHAKS OF THE SOUTH CAUCASUS IN THE XI–XIV CENTURIES.....	614
Krupko I.V., Burkhanov B.B. IDEOLOGICAL HISTORY OF “AZ I YA”: FROM CONDEMNATION TO DISCUSSION.....	626
Kushenova G. QAIDU AND THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE TALAS QURILTAI.....	642
Karatayev A.A. POLITICAL-ADMINISTRATIVE SYSTEM OF THE KAZAKH KHANATE: WINGS, ZHUZES, TRIBES AND SHEZHIRE.....	658
Legkiy D.M., Turezhanova S.A., Sametova G.S. KUSTANAY OBSTETRICAL TECHNICAL SCHOOL IN THE HEALTH CARE SYSTEM OF THE KAZAKH ASSR (1929–1935).....	671
Satenova M.R., Orazov R.E. THE STEPPE ELITE OF THE SENIOR ZHUZ IN THE TASHKENT OASIS (XVIII CENTURY).....	687
Shotanova G.A., Satenova M.R. THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE EMBA AND UIL FORTIFICATIONS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE HISTORY OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	702
Egamberdiyev M., Akhantaeva A., Akhantaeva G. ECONOMIC SECTORS OF THE KAZAKHS ENGAGED IN THE LOWER AND MIDDLE REACHES OF THE SYR: AGRICULTURE, LIVESTOCK AND FISHING (mid-XIX – early XX centuries).....	714

ANTHROPOLOGY

Shaiken J.A. ON THE ISSUE OF STUDYING EARLY TURKIC MEMORIAL AND CULT STONE STRUCTURES OF THE “MELON” TYPE.....	729
Yarygin S., Sakenov S., Shulga V. COMPLEX OF A STELE AND A RELIEF IMAGE OF A FACE IN THE SANDYKTAU MOUNTAINS (NORTH KAZAKHSTAN).....	748

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (3)

Бас редактор:

Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:

Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 20.09.2024.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй